

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы
Стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 мамырдағы N 422 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы Стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ғалым Избасарұлы Оразбақов Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы Стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасында Стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қаңтардағы N 74 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы » 2 6 м а м ы р д а ғ ы

N 4 2 2 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі
арасындағы Стандарттау, метрология, сертификаттау және
аккредиттеу саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Түрікменстан Ү к і м е т і ,

экономикадағы және сауда қатынастарындағы техникалық кедергілерді жою
мақсатында,

стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі мәселелердің халықаралық маңыздылығын және сауда-экономикалық әрі техникалық ынтымақтастықтың табысты болуы үшін олардың шешілу маңыздылығын атап өте
отырып,

тұтынушылардың құқықтарын қорғау және өзара жеткізілетін өнімнің қауіпсіздігін растауды қамтамасыз ету мақсатында стандарттауды, метрологияны, сертификаттауды және аккредиттеуді дамытудағы өзара мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде екі мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтірместен, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын басшылыққа алады.

2-бап

Тараптар стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы ынтымақтастықты:

қолданыстағы ұлттық стандарттау жүйелерін үйлестіру, халықаралық ұқсас жүйелердің талаптарымен өлшем бірлігін, сертификаттауды және аккредиттеуді қамтамасыз ету;

стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу саласындағы нормативтік және ақпараттық материалдар, оның ішінде көрсетілген бағыттардағы өнімдер мен қызметтерге арналған халықаралық және ұлттық стандарттар алмасу;

өзара жеткізілетін өнімдерге және оның сертификаттау рәсімдеріне нормативтік құжаттарды үйлестіру жөнінде бірлескен жұмыстар жүргізу;

заттар мен материалдардың құрамы мен қасиетінің стандарттық үлгілерін, заттар мен материалдардың физикалық тұрақты шамалары мен қасиеттері туралы стандартты анықтамалық деректерді, мемлекеттік сынаулар, салыстырып тексеру, калибрлеу және өлшеу құралдарын метрологиялық аттестаттау нәтижелерін, өзара жеткізілетін өнімге сынау хаттамаларын, сәйкестік сертификаттарын және сәйкестік белгілерін, сондай-ақ өзара келісілген шарттарда өлшеу, сынау, салыстырып тексеру және калибрлеу зертханалары мен сертификаттау жөніндегі органдарды аккредиттеуді тану;

стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу мәселелері жөнінде өзара консультациялар;

стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу мәселелері жөнінде бірлескен семинарлар мен конференциялар өткізу жолымен дамытады және нығайтады.

3-бап

Бір Тараптың стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарын, егер олар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген ережеден өзгеше ережелерді қамтымаса оларды екінші Тарап қолдануы мүмкін.

4-бап

Тараптар кадрлар даярлауда және олардың біліктілігін арттыруда, мамандар алмасуда, кәсіпорындар, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдар арасында тікелей байланыстар орнатуда өзара іс-қимыл жасайды және осы өзара іс-қимыл үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру бойынша Тараптар мемлекетінің уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында - Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;

Түрікменстанда -»"Түрікменстандартлары" бас мемлекеттік қызметі.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптарға дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабарланады.

6-бап

Осы Келісімнің 2-бабында көзделген бағыттардағы ынтымақтастық бірлескен бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

Тараптар қажет болған кезде осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін бірлескен жұмыс топтарын құратын болады.

7-бап

Тараптар қажет болған кезде бір-біріне стандарттарды және басқа да нормативтік құжаттарды әзірлеу және қолдану мәселелері жөнінде ұйымдастырушылық, әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді.

8-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін олар орындау барысында туындайтын шығыстарды олар, егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмесе Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

9-бап

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы және егер беруші Тарап олардың құпиялылығын ескертсе, қол жеткізілген ғылыми-техникалық нәтижелер туралы алынатын құжаттама мен ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Ынтымақтастық барысында Тараптардың бірінен алынған құжаттама мен ғылыми-техникалық ақпарат осы құжаттаманы және ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша келісімімен ғана үшінші Тарапқа берілуі мүмкін.

Келіссөздер және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың бірлесіп алынған нәтижелері туралы ақпарат Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша жариялануы мүмкін.

10-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптар мемлекеттерінің құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

12-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

13-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімнің қолданысы, егер Тараптардың ешқайсысы тиісті кезең өткенге

дейін кемінде алты ай бұрын екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабарламаса келесі бесжылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

200__ жылғы "____" _____ қаласында екі түпнұсқа данада, қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсаттары үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түрікменстан

Үкіметі үшін